## Алматы қаласы Білім басқармасының коммуналдық мемлекеттік қазыналық кәсіпорындары көрсететін қызметтердің бағаларын белгілеу туралы

Алматы қаласы әкімдігінің 2016 жылғы 22 желтоқсандағы № 4/606 қаулысы. Алматы қаласы Әділет департаментінде 2017 жылғы 18 қаңтарда № 1340 болып тіркелді

Алматы қаласы Білім басқармасының коммуналдық
мемлекеттік қазыналық кәсіпорындары көрсететін
қызметтердің бағаларын белгілеу туралы

Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Заңына, Қазақстан Республикасының 2011 жылғы 1 наурыздағы "Мемлекеттік мүлік туралы" Заңының 156 бабының 2 тармағына сәйкес, Алматы қаласының әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Алматы қаласы Білім басқармасының коммуналдық мемлекеттік қазыналық кәсіпорындары:

1) осы қаулының 1-қосымшасына сәйкес балалар музыкалық, көркем сурет мектептері және өнер мектептері;

2) осы қаулының 2-қосымшасына сәйкес оқушылар үйлері;

3) осы қаулының 3-қосымшасына сәйкес оқушылар сарайы;

4) осы қаулының 4-қосымшасына сәйкес туристер және натуралистер станциялары көрсететін қызметтердің бағалары белгіленсін.

2. Алматы қаласы Білім басқармасы осы қаулыны әділет органдарында мемлекеттік тіркеуді жүргізсін, одан кейін ресми және мерзімді баспа басылымдарында, сондай-ақ Қазақстан Республикасының Үкіметі белгілейтін интернет-ресурста және Алматы қаласы әкімдігінің интернет-ресурсында жариялансын.

3. Алматы қаласы әкімдігінің "Алматы қаласы Білім басқармасының кәсіпорындары көрсететін қызметтердің бағаларын белгілеу туралы" 2013 жылғы 19 қыркүйектегі № 3/808 қаулысының (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу Тізілімінде № 1005 болып тіркелген, 2013 жылғы 17 қазанда "Вечерний Алматы" және "Алматы ақшамы" газеттерінде жарияланған) күші жойылды деп танылсын.

4. Осы қаулының орындалуын бақылау Алматы қаласы әкімінің орынбасары А. Қырықбаевқа жүктелсін.

5. Осы "Алматы қаласы Білім басқармасының коммуналдық мемлекеттік қазыналық кәсіпорындары көрсететін қызметтердің бағаларын белгілеу туралы" қаулы әділет органдарында мемлекеттік тіркелген күннен бастап күшіне енеді және ол алғаш ресми жарияланғаннан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

*Алматы қаласының әкімі* *Б. Байбек*

Алматы қаласы әкімдігінің
2016 жылғы 22 желтоқсандағы
№ 4/606 қаулысына
1-қосымша

# Балалар музыкалық, көркем сурет мектептері және өнер мектептері көрсететін қызметтердің бағалары

| Хор | Орыстың халық аспаптары | Қазақтың халық аспаптары | Вокал | Фортепиано | Шекті аспаптар | Үрмелі және ұрмалы аспаптар | Дәстүрлі және халықтық ән салу | Хореография | Бейнелеу өнері | Гитара | Техника және дизайн |
|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|
| 1 | 2 | 3 | 4 | 5 | 6 | 7 | 8 | 9 | 10 | 11 | 12 |
| **Ай сайынғы төлемақының құны (теңге)** | | | | | | | | | | | |
| 5000 | 7000 | 7000 | 8000 | 8000 | 8000 | 8000 | 7000 | 8000 | 10000 | 8000 | 10000 |

Алматы қаласы әкімдігінің
2016 жылғы 22 желтоқсандағы
№ 4/606 қаулысына
2-қосымша

# Оқушылар үйлері көрсететін қызметтердің бағалары

| Халықтық, үрмелі және ұрмалы аспаптар | Шекті аспаптар | Эстрадалық ән салу, вокал | Топтық-дебаттық қызмет | Фортепиано | Музыка теориясы | Дәстүрлі және халықтық ән салу | Бейнелеу өнері | Хореография | Киімді үлгілеу және пішіндеу | Вариативтік бейінді курстар | Тіл сабақтары | Шахмат | Балаларды дамыту клубы | Пифагор (математика) | Робототехника | Ұзартылған күн тобы | Декоративтік қолданбалы шығармашылық | Спорт үйірмелері | Көркем гимнастика | Мектепке дейінгі дайындық (1 пән) | Мектепке дейінгі дайындық (кешенді) | Авиамодельдеу және бастапқы техникалық модельдеу | Ментальді арифметика |
|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|
| 1 | 2 | 3 | 4 | 5 | 6 | 7 | 8 | 9 | 10 | 11 | 12 | 13 | 14 | 15 | 16 | 17 | 18 | 19 | 20 | 21 | 22 | 23 | 24 |
| Ай сайынғы төлемақының құны (теңге) | | | | | | | | | | | | | | | | | | | | | | | |
| 7000 | 7000 | 7000 | 5000 | 6000 | 5000 | 5000 | 7000 | 8000 | 6000 | 5000 | 7000 | 6000 | 12000 | 6000 | 8000 | 10000 | 8000 | 6000 | 8000 | 3000 | 12000 | 8000 | 15000 |

Алматы қаласы әкімдігінің
2016 жылғы 22 желтоқсандағы
№ 4/606 қаулысына
3-қосымша

# Оқушылар сарайы көрсететін қызметтердің бағалары

| Домбыра, скрипка, балалайка, фортепиано, синтезатор, гитара | Робототехника, лего конструкция жасау, қолданбалы робототехника, журналистика, психология, экскурсия қызметі | Спорттың әр түрі бойынша үйірмелер | Қолданбалы шығармашылық, қыш ыдыстар жасау ісі, халық кәсібі, бисер өрудің халықтық шығармашылығы, витраж, жабыстыру, жүннен киім тоқу, керамика және мүсін, ағаштан бұйым жасау, архитектоника, тоқу, киім пішу және тігу, үй шаруашылығы, аппликация, аспаздық өнері, квиллинг | Қуыршақ театры, драма , халық театры, сән және дизайн театры, мюзикл | Костюмдер, киімдер, халық аспаптарын дайындау жөніндегі шеберханалар, ұсақ-түйек заттар жасау шеберханасы, авиа моделін жасау, кеме моделін жасау, зымыран жасау | Сурет салу, кескіндеме, графика, батик, сурет салудың дәстүрлі емес тәсілдері, арнаулы пәндерді оқу | Флейта, саксофон | IT-технологиялары, 3D өнері, мультимедиа-арт, компьютерлік графика, ақпараттық технологиялар, бағдарлама әзірлеу | Вариативтік бейіндік шығармашылық бағыттар | Баян, аккордеон | Бастауыш, негізгі орта, жалпы орта білім беру пәндері (1пән) бойынша даярлау | Психолог, логопед өткізетін сабақ | Вариативтік лингвистикалық бағдарламалар, мектептер, курстар | Биология: ғарыштық биология, жас ихтиолог, герпетолог, биотехнология, фитодизайн, фармакология және медицина және басқалары | Хореография | Театр және кино, телевизия, актерлік шеберлік, сахна және театр өнері, телевезия хабарын жүргізуші, режуссура, қойылым | Тіл үйрету сабақтары | Вокал, эстрадалық ән салу | Планетарий | Шебер-сыныптары | Ұзартылған күн тобы |
|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|
| 1 | 2 | 3 | 4 | 5 | 6 | 7 | 8 | 9 | 10 | 11 | 12 | 13 | 14 | 15 | 16 | 17 | 18 | 19 | 20 | 21 | 22 |
| Ай сайынғы төлемақының құны (теңге) | | | | | | | | | | | | | | | | | | | | | |
| 5000 | 5000 | 5000 | 3000 | 5000 | 5000 | 6000 | 5000 | 7000 | 8000 | 3000 | 3000 | 6000 | 5000 | 5000 | 7000 | 7000 | 7000 | 6000 | 1000 | 5000 | 7000 |

Алматы қаласы әкімдігінің
2016 жылғы 22 желтоқсандағы
№ 4/606 қаулысына
4-қосымша

# Туристер және натуралистер станциялары көрсететін қызметтердің бағалары

| «Екпе көшет» жазғы экологиялық мектебі | «Жас өлкетанушы» | Жас флорист | Өнерлі қол бақытка жол | Жас турист | Тау туризмі | Құзға өрмелеу | Өлкетану | Экскурсия |
|---|---|---|---|---|---|---|---|---|
| 1 | 2 | 3 | 4 | 5 | 6 | 7 | 8 | 9 |
| **Ай сайынғы төлемақының құны (теңге)** | | | | | | | | |
| 15000 | 2000 | 5000 | 5000 | 3000 | 3000 | 3000 | 2000 | 2000 |

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК